

## **АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІНІҢ СЫРТҚЫ САРАПШЫЛАРЫН ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛКТІЛІГІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЕРЕЖЕ**

### **I. Жалпы ережелер**

1. Осы Ереже Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі – Агенттік) білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын аккредиттеуді өткізу саласындағы сыртқы сарапшыларын (бұдан әрі – сарапшылар) даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру қағидаларын айқындайды.

Осы ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

**1-санаттағы сарапшы** – Агенттіктің сыртқы сарапшылар комиссиясының құрамында аккредиттеу рәсіміне кемінде 7 рет қатысқан Агенттіктің сертификатталған сарапшылары;

**2-санаттағы сарапшы** - Агенттіктің сыртқы сарапшылар комиссиясының құрамында аккредиттеу рәсіміне кемінде 3 рет қатысқан Агенттіктің сертификатталған сарапшылары;

**3-санаттағы сарапшы** - Агенттіктің сертификатталған сарапшылары немесе басқа аккредиттеу органдары ұсынған сарапшылар.

**Сарапшыларды даярлау** – ұзақтығын ұйымдастырушылар белгілеген семинарлар түрінде жүзеге асырылатын білім беру ұйымдарын және білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі сарапшының құзыреттерін қалыптастыру процесі, сондай-ақ оның аккредиттеу рәсіміне қатысуы.

**Сарапшыларды қайта даярлау** – сертификаттың жарамдылық мерзімі аяқталған жағдайда, стандарттар мен нұсқауларға өзгерістер енгізілгенде, сондай-ақ Агенттіктің басшылығы белгілеген басқа да жағдайларда сарапшыларды қайтадан оқыту.

**Сарапшылардың біліктілігін арттыру** – білім беру ұйымдарын және/немесе білім беру бағдарламаларын бағалау жөніндегі, сапаны қамтамасыз ету жүйесін сыртқы және ішкі бағалауды қалыптастыру және жетілдіру, білім беру процесін және білім беру ұйымдарын басқару, кәсіби-педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру жөніндегі сарапшының құзыреттерін дамыту процесі.

2. Сарапшыларды даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды Агенттік Сарапшылар Кеңесімен (бұдан әрі – СК) (СК туралы ережеге сәйкес) бірлесіп, сарапшыларға біліктілік талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

3. Сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру:

а) білім беру ұйымдарын институционалдық және/немесе мамандандырылған аккредиттеудің шеңберінде сараптама жүргізу;

б) білім сапасын тәуелсіз бағалау саласында құзыреттерді қалыптастыру және дамыту;

в) білім сапасын бағалау саласында практикаға бағдарланған ғылыми зерттеулерді жүргізу;

г) Агенттіктің серіктестерімен ынтымақтастықты және бірлескен жобаларды жүзеге асыру мақсатында жүзеге асырылады.

4. Агенттік сарапшыларының құзыреттері сарапшыны даярлау/қайта даярлау сәтінен бастап 5 жыл мерзімге белгіленеді.

5. Сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру мақсатында Сарапшылар Кеңесі Агенттіктің басшылығымен бірлесіп, семинарлардың тақырыбы мен мазмұнын, сондай-ақ сарапшылар тобының құрамын айқындайды.

## **II. Сарапшыларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру тәртібі**

1. Сарапшы болуға ниет білдірген үміткерге Агенттіктің сайтында өтінім (*1-қосымша*) толтыру және мынадай құжаттарды салып жібеу қажет:

а) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

б) жоғары кәсіптік білімі, қосымша білімі туралы құжаттардың және ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері;

в) барлық байланыс деректерін көрсете отырып, түйіндеме (еркін нысанда);

г) шет тілі бойынша IELTS, TOEFL жән басқа тест тапсыру туралы сертификаттың көшірмесі (бар болса);

д) құзыретін растайтын өзге де құжаттар (мысалы, білім беру ұйымдарының, ғылыми-зерттеу ұйымдарының, кәсіптік қауымдастықтардың және т.б. ұсынымдары).

2. Сарапшылардың және сарапшыға үміткерлердің біліктілігін бағалауды Агенттіктің Сарапшылар Кеңесі 3 кезеңде жүргізеді:

I кезең – сарапшыға үміткер ұсынған құжаттардың негізінде оны оқыту семинарына жіберу туралы шешім қабылданады;

II кезең - сарапшыға үміткердің кәсіби құзыреттілігі мен этикалық қағидаттарын бағалау оқыту семинарының практикалық тапсырмаларын орындаудың негізінде жүргізіледі (ББҰ/БББ өзін өзі бағалау жөніндегі есебін рецензиялау, ұсынымдар дайындау);

III кезең – кәсіби құзыретін бағалау сарапшының есептерін талдау кезінде, ССК сапарының барысында оның қызметін бағалау кезінде жүргізіледі.

Сарапшыны бағалаудың нәтижелері СК отырысында қаралады және шешім қабылдау және Деректер базасынан сарапшыларға тиісті санаттар беру үшін Хаттама түрінде Агенттіктің Директорына ұсынылады.

3. Оқыту семинары аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға мемлекеттік және ағылшын тілдерінде Сарапшының сертификаты беріледі.

4. Қазіргі сарапшылар қайта даярлаудан және біліктілікті арттырудан өтуге өтінімдер жіберуге құқылы.

5. Сарапшылар Кеңесінің төрағасы Агенттік директорының атына қазіргі сарапшыларды қайта даярлау, біліктілігін арттыру қажеттілігі туралы ұсыныстар енгізеді. Қазіргі сарапшылар қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен кезде күшін жойған сертификатты менеджер Агенттіктің директоры қол қойған Жою туралы актінің негізінде жояды. Сарапшылардың деректер базасына тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Сертификаттарды тіркеу журналын менеджер Агенттіктің нормативтік құжаттарына сәйкес жүргізеді. Сертификат бүлінген немесе жоғалған жағдайда сарапшы Агенттікке хабарлауы тиіс.

7. Агенттік сарапшылардың деректер базасын жүгізеді, олардың қызметінің бағытын және сертификаттардың жарамдылық мерзімдерін қадағалап отырады. Сертификатының жарамдылық мерзімі өткен сарапшылардың тізбесі шешім қабылдау және даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жоспарын қалыптастыру үшін СК төрағасына және Агенттіктің директорына беріледі.

8. Агенттіктің сарапшылары оқытудан және біліктілігін арттырудан сапаны бағалау жөніндегі басқа ұйымдарда өтуге құқылы. Сертификаттардың көшірмелерін сарапшы Агенттікке ұсынады.



***Егер Сіз АРТА-ның сыртқы сарапшысы болғыңыз келсе және оқыту семинарынан өткіңіз келсе, ұсынылған сауалнаманы толтыруды өтінеміз.***

Тегі\*

Аты\*

Әкесінің аты\*

Туған күні\*

Тұрғылықты мекен жайы

Шет тілін білуі

(тіл/білу дәрежесі)

Ғылыми дәрежесі

Ғылыми атағы

Ұялы телефоны, үй, жұмыс телефоны (қаланың кодымен)

Факс (қаланың кодымен)

E-mail\*

Жұмыс орны\*

Атқаратын лауазымы

Педагогикалық еңбек өтілі

Наградалары, құрметті атақтары, ғылым академияларында мүшелігі

Ғылыми қызығушылық саласы

Сарапшылар қызметінің болжанатын саласы